



SATBAYEV
UNIVERSITY

«БЕКІТЕМІН»
Қ. Тұрысов атындағы ҒМ және ТҚІ
проректорының директоры
Қ.Б. Рысбеков
2020 жыл

«Тау-кен ісі» кафедрасының
менгерушісі
С.К. Молдабаев
« 2020 жыл

СИЛЛАБУС

MIN 1461 Таужыныстарын жарылыспен бұзу
(пән атауы)

6B07205 – Тау-кен инженериясы
мамандығына арналған

3 кредит (1/1/1)

2020-2021 оқу жылы, күзгі семестр

Алматы, 2020

Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институты
«Тау-кен ісі» кафедрасы

1. Оқытушылар туралы ақпарат:

Лектор:

Сердалиев Ердудла Турганбекович, техн.ғыл.канд., ассоц. профессор
офис-сағаты 15 сағат, «Тау-кен ісі» кафедрасы, 160 ТКМҒ
serdaliev.yerdulla@gmail.com

Практикалық сабақ оқытушысы:

Сердалиев Ердудла Турганбекович, техн.ғыл.канд., ассоц. профессор
офис-сағаты 15 сағат, «Тау-кен ісі» кафедрасы, 160 ТКМҒ
serdaliev.yerdulla@gmail.com

Зертханалық сабақ оқытушысы:

Бектұр Бақытбек Қаныбекұлы, тау-кен ісі магистрі, лектор
офис-сағаты 15 сағат, «Тау-кен ісі» кафедрасы, 160 ТКМҒ
bekturbek@bk.ru

2. Пәннің мақсаты: «Тау-кен ісі» мамандығында оқитын студенттерге тау-кен өнеркәсібіндегі таужыныстарын бұрғылау және аттыру жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігін үйрету.

Пәнді оқу міндеттері – Тау-кен саласындағы жарылыс жұмыстарымен айналысатын мамандарды дайындау, олардың өздігінен тәжірибелік жұмыстарды жасап, инженерлік шешімдерді қабылдауға керекті ұғымдарды үйрету болып есептеледі.

3. Курстың қысқаша мазмұны: Өнеркәсіптік жарылғыш заттардың түрін, оқтамды қоздыру құралдары мен әдістерін таужыныстарының геологиялық жағдайына сәйкес дұрыс қолдана білуді, сонымен қатар жерасты ғимараттарының құрылысы және пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі жарылыс жұмыстарының жобасын жасауды үйрену болып саналады.

Пәнді оқып үйрену қорытындысында студент мыналарды білуі қажет: таужыныстарының негізгі қасиеттері, олардың топтамалары және шпурлар мен ұңғымаларды бұрғылау әдістері, бұрғылайтын құралдардың түрлері мен сипаттамалары туралы түсініктер. Сонымен қатар, өнеркәсіптік жарылғыш заттардың құрамдары мен сипаттамалары, оларды қоздыру және аттыру әдістері. Жарылыс жұмыстарының параметрлерін есептеудің жалпы принциптері, аттыру желілерін құрастырудың әдістері, соған қоса жарылыс жұмыстарын ұйымдастыру ережелері. Бұрғылап-аттыру жұмыстарын орындау кезіндегі өнеркәсіп қауіпсіздігінің талаптары.

4. Пререквизиттер: химия; тау-кен өндірісінің негіздері.

5. Постреквизиттер: Тау-кен кәсіпорындарының құрылысы; Аэрология.

6. Әдебиеттер тізімі:

Базалық негізгі әдебиеттер	Қосымша әдебиеттер
[1] Сердалиев Е.Т. Таужыныстарын бұрғылап-аттырып копару. Оқулық. Алматы, «Дәуір» баспасы, 2011. 264б.	[1]. Сердалиев Е.Т. Қопару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі. Оқу құралы. – Астана, Фолиант баспасы 2015, 160 б.
[2] Ә.Бегалинов Тау-кен ісінің негіздері. Оқулық. ҚР Жоғарғы оқу орындарының қауымдастығы. Алматы, 2016. 730б.	[2]. Гуштин В.И. Задачник по взрывным работам. – М.: "Недра", 1972, 160 стр.
[3] Сердалиев Е.Т. Тау-кен ісіндегі бұрғылау-жару жұмыстары. Оқу құралы. Алматы, ҚазҰТУ, 2009. 159б.	

7. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар:

Апта	Аудиториялық сабақтар					Тапсыру мерзімі
	Дәріс тақырыбы	Практикалық сабақтардың тақырыбы	Зертханалық жұмыстар тақырыбы	Әдебиетке сілтеме	Тапсырмалар	
1-2	Кіріспе дәріс. Шпурлар мен ұңғымаларды бұрғылау әдістері.	Бұрғылау машиналарының негізгі сипаттамаларын анықтау.	Қол перфораторының құрылысы және жұмыс принципімен танысу.	Негізгі әдеб. [1] 5-36 беттер [2] 92-137 беттер [3] 5-31 беттер Қос. әдеб. [1] 10-29 беттер	Перфоратор поршенін қозғалтушы күштердің шамасын анықтау. Поршеннің жылдамдығы мен соққы энергиясын анықтау. Перфоратор жұмысына жұмсалатын сығылған ауа мөлшерін анықтау. Перфоратордың ауысымдық өнімділігін анықтау.	2-ші аптаның соңына дейін
3-4	Жарылыс теориясының негізі және дүмпу қасиеттері.	Шпурлық және ұңғымалық оқтамдардың параметрлерін есептеу.	Карьерлерге арналған бұрғылау машиналарының жұмысын үйрену.	Негізгі әдеб. [1] 45-93 беттер [2] 92-137 беттер [3] 32-54 беттер Қос. әдеб. [1] 30-46 беттер	Жарылғыш заттардың оттегілік балансын анықтауды үйрену. Жарылыс кезіндегі газдардың таралу реакциясымен танысу. Жарылғыш зат құрамындағы оттегіні реттеу.	4-ші аптаның соңына дейін
5-6	Өнеркәсіптік жарылғыш заттардың тиімділігі мен сапасын бағалау әдістері.	Котелды, камералы және сыртқы оқтамдардың параметрлерін есептеу.	Жарылғыш заттардың оттегілік балансын анықтау.	Негізгі әдеб. [1] 121-142 беттер [3] 32-54 беттер Қос. әдеб.	Жарылғыш зат жарылысынан бөлінетін газдардың көлемін анықтау. Жарылыс жылуы және	6-шы аптаның соңына дейін

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

				[2] 5-13 беттер	оның мөлшері. Жарылыс температурасын есептеу. Жарылыстан пайда болатын қысымды анықтау.	
7	Өнеркәсіптік жарылғыш заттар.	Отпілте мен дүмпіткіш пілтені қолданып жарылғыш зат оқтамын қоздыруды есептеу.	Жарылғыш зат жарылысының негізгі сипаттамаларын анықтау.	Негізгі әдеб. [1] 95-131 беттер [2] 145-161 бет [3] 55-72 беттер Қос. әдеб. [1] 47-59 беттер	От арқылы аттыру кезіндегі уату және лақтыру оқтамдарын есептеу. Тұтандырғыш және бақылау түтіктерінің ұзындықтарын есептеп анықтау. Дүмпіткіш пілтелердің шығындарын анықтау.	8-ші аптаның соңына дейін
8	1-аралық (Midterm) аттестация			Негізгі және қосымша әдебиет		8-ші апта
9-10	Өнеркәсіптік жарылғыш заттарды қоздыру әдістері мен құралдары.	Электрлі қоздыру желісін есептеу.	От арқылы қоздыру құралдары және олардың құрылысымен танысу.	Негізгі әдеб. [1] 158-196 бет [2] 161-192 бет [3] 73-91 бет Қос. әдеб. [1] 60-78 беттер [2] 37-103 бет	Электрлі қоздыру желісінің кедергісін есептеу. Тізбекті, параллельді және біріккен жалғау әдістеріндегі кедергі мен ток күштерін анықтау.	10-шы аптаның соңына дейін
11-12	Жарылыстың қопарғыштық, сейсмикалық және ауалық әсерлері.	Бұрғылау-аттыру жұмыстарының паспортын есептеу.	Электрлі дүмпіткіштердің түрлерімен танысу және құрылысын үйрену.	Негізгі әдеб. [1] 198-229 бет [3] 91-104 бет Қос.	Жазық жерасты қазба жұмыстарын өту кездегі шпурлардың	12-ші аптаның соңына дейін тапсыру керек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

				әдеб. [1] 79-88 беттер [2] 14-37 бет	топтамасы. Қопару түрлері, оқтам құрылымдарын анықтау. Жерасты қазбаларындағы жарылыс жұмыстарын ұйымдастыру. Жарылыстың негізгі параметрлерін есептеу.	
13-14	Ашық кен өндірісіндегі жарылыс жұмыстары.	Бұрғылау-аттыру жұмыстарының паспортын графикалы құрастыру.	Дүмпіткіш пілте және соққы толқынды түтік арқылы қоздыру желісін үйрену.	Негізгі әдеб. [1] 315-354 бет [2] 589-599 бет Қос. әдеб. [2] 22-36 бет	Тік шахта оқпанын өту кезіндегі бұрғылау-аттыру жұмыстарының паспортын есептеу. Шпурлар санын және жарылғыш зат шығындарын анықтау.	14-ші аптаның соңына дейін тапсыру керек
15	Жерасты қазбаларын жүргізу кезіндегі таужыныстарын бұзу.	-	-	Негізгі әдеб. [1] 230-280 бет [2] 449-475 бет [3] 114-129 бет Қос. әдеб. [1] 117-146 бет [2] 135-143 бет	Жарылғыш материалдарын қауіпсіз қолдануға қойылатын жалпы талаптар. Жарылғыш материалдарын тасымалдау талаптары.	15-ші аптаның соңына дейін тапсыру керек Мультиварианттық тест
	2-соңғы (Endterm) аттестация			Негізгі және қосымша әдебиет		
	Соңғы емтихан					Жазбаша емтихан

8. Тапсырмалардың тізімі және оларды орындауға арналған қысқаша әдістемелік (ұсыныстар) нұсқаулар:

✓ Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) (Summary):

Студенттің өзіндік жұмыстары (семестрлік тапсырма) – семестр ішінде пән бойынша өтілген материалдарды қамтитын тапсырмаларды орындаудан тұрады. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалып, орындау мерзіміне сай уақытта өткізілуі тиіс. Summary – студенттерге шетелдік және отандық ғалымдардың қосымша әдебиеттері (мақалалар, оқулықтың параграфтары және т.б.) беріледі. Сол бойынша олар қағаз жүзінде қысқаша реферат жазуы қажет. Рефератта берілген өзекті мәселені көрсететін мәліметтер, қысқаша талдау және студенттің қысқаша қорытындысы болуы қажет.

✓ Студенттердің өзіндік жұмыстары оқытушы жетекшілігімен (СӨОЖ):

Студенттердің өзіндік жұмыстарды оқытушы жетекшілігімен орындауы (СӨОЖ) – өткен тақырыптар бойынша тапсырмаларды оқытушының жетекшілік етуімен өз бетінше орындау, Тапсырма дәріс және тәжірибелік сабақ кезінде беріледі. Оларды барлық студенттер ағымдық өзіндік жұмыс ретінде орындауға міндетті. Үй тапсырмасын орындау барысында Сіз оқулықтан және сабақта алған білімдеріңізді пайдалануыңыз керек. Сіздің орындаған жұмыстарыңыздың негізінде орташа баға шығарылады. Тапсырмаларды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі.

✓ Зертханалық сабақтар: *Зертханалық тапсырмалар* – нақты тапсырмаларды орындау бағдарламаларын әзірлеу және құрастырудан тұрады. Тапсырмалар зертханалық сабақ кезінде беріледі. Тапсырмаларды орындау тиісті деңгейде ресімделеді және дәріс материалдарын, қосымша әдебиеттерді және әдістемелік нұсқаулықтарды пайдалану көзделген. Жұмыстарды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі. Оқу бағдарламасы бойынша 7 зертханалық жұмыс орындау қарастырылған. Зертханалық тапсырмалар дәрістер кезінде қамтылған материалдарды пысықтау үшін және алған білімдерін практика жүзінде қолдануды қамтамасыз ету мақсатында жасалған. Әрбір тапсырманы 2 сабақ ішінде орындау қарастырылған. Зертханалық жұмыс сабақтан тыс уақытта көп еңбек етуді қажет етеді. Зертханалық сабақтардың атаулары төменде берілген:

№1 зертханалық жұмыс – *Қол перфораторының құрылысы және жұмыс принципімен танысу* (2 сағ);

№2 зертханалық жұмыс – *Карьерлерге арналған бұрғылау машиналарының жұмысын үйрену* (2 сағ);

№3 зертханалық жұмыс – *Жарылғыш заттардың оттегілік балансын анықтау* (2 сағ);

№4 зертханалық жұмыс – *Жарылғыш зат жарылысының негізгі сипаттамаларын анықтау* (2 сағ);

№5 зертханалық жұмыс – *От арқылы қоздыру құралдары және олардың құрылысымен танысу* (2 сағ);

№6 зертханалық жұмыс – *Электрлі дүмпіткіштердің түрлерімен танысу және құрылысын үйрену* (2 сағ);

№7 зертханалық жұмыс - *Дүмпіткіш пілте және соққы толқынды түтік арқылы қоздыру желісін үйрену* (3 сағ).

✓ Тәжірибелік сабақтар: *Тәжірибелік тапсырмалар* – нақты тапсырмаларды орындау бағдарламаларын әзірлеу және құрастырудан тұрады. Тапсырмалар сабақ кезінде беріледі. Тапсырмаларды орындау тиісті деңгейде ресімделеді және дәріс материалдарын, қосымша әдебиеттерді және әдістемелік нұсқаулықтарды пайдалану көзделген. Жұмыстарды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі. Оқу бағдарламасы бойынша 7 тәжірибелік жұмыс орындау қарастырылған. Тәжірибелік тапсырмалар дәрістер кезінде қамтылған материалдарды пысықтау үшін және алған білімдерін практика жүзінде қолдануды қамтамасыз ету мақсатында жасалған. Әрбір тапсырманы 2 сабақ ішінде орындау қарастырылған. Тәжірибелік жұмыстардың атаулары төменде берілген:

№1 тәжірибелік жұмыс – *Бұрғылау машиналарының негізгі сипаттамаларын анықтау* (2 сағ);

№2 тәжірибелік жұмыс – *Шпурлық және ұңғымалық оқтамдардың параметрлерін есептеу* (2 сағ);

№3 тәжірибелік жұмыс – *Котелды, камералы және сыртқы оқтамдардың параметрлерін есептеу* (2 сағ);

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

№4 тәжірибелік жұмыс – *Отпiлте мен дүмпiткiш пiлменi қолданып жарылғыш зат оқтамын қоздыруды есептеу* (2 сағ);

№5 тәжірибелік жұмыс – *Электрлі қоздыру желісін есептеу* (2 сағ);

№6 тәжірибелік жұмыс – *Бұрғылау-аттыру жұмыстарының паспортын есептеу* (2 сағ);

№7 тәжірибелік жұмыс - *Бұрғылау-аттыру жұмыстарының паспортын графикалы құрастыру* (3 сағ).

✓ **Аралық бақылау:** Аралық бақылау - аралық бақылау семестрде екі рет өткен материалдарды меңгеру дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі. Аралық бақылау теориялық және практикалық білімін тексеру мақсатында, сонымен қатар жұмыс бағдарламасымен қарастырылған жасампаздық, өзбетілік жұмыстарды орындау кезіндегі дағдыларды пайдалану арқылы геологиялық қималарды түсіру және қорларды есептеу әдістемесін меңгеруін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

✓ **Емтихан:** *Қорытынды емтихан* – курс бойынша барлық материалдарды қамтиды және қорытындылайды. Емтихан жазбаша өткізіледі және түрлі тапсырмаларды қамтиды: дәріс бойынша өтілген материалдарды қамтитын сұрақтардан, нақты тапсырмаларды практикалық шешуден тұрады. Емтихан ұзақтығы 2 академиялық сағат. Емтиханда егер баға төмен болып қалса, оны көтеру үшін ешқандай қосымша сұрақ берілмейді. Сондай-ақ емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

9. Тапсырмаларды бағалау критерийі:

Әріптік эквивалент	Пайыз көрсеткіші %	Баллдық көрсеткіші	Бағасы	Критерий
A	95-100	4	Өте жақсы	Оқу материалын шығармашылық тұрғыдан түсініп толық меңгеруі керек, осы тақырып құрылымының жетіспейтін элементтерін анықтауы және оларды толықтырып жаңғыртуы қажет. Тақырыптың мәнін терең ұғыну үшін қосымша әдебиеттер мен монографиялар көздерін пайдалануы, тапсырмаларды 95-100% толық орындауы тиіс.
A-	90-94	3,6	Өте жақсы	Оқу материалының әр түрлі проблемалық және креативті күрделі шарттарын түсінуі және жеткізе білуі; шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды толық шеше алуы, яғни тапсырмаларды 90% орындауы; Бірақта тақырып бойынша қосымша монографиялық әдебиеттермен таныспаған жағдайда осы баға қойылады.
B-	85-89	3,4	Жақсы	Оқу материалын меңгеруде оның проблемалық тұстарын өз бетінше түсіне алуы, себеп-салдарлық байланыстарын көріп жеткізе білсе; шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды дербес шеше алуы, яғни тапсырмаларды 85% орындай алуы, өз қателіктерін оқытушының ескертуінсіз дер кезінде түзете алуы шарттарында осы баға қойылады.
B	80-84	3,2	Жақсы	Оқу материалын және оның бөліктерінің өзара байланыстарын біліп, түсініп тұрса; тапсырманы 80%-ға орындай білсе, оларды көрсетіп дәлелдеу кезінде өз қателіктерін түзетуге қабілетті болса, едәуір ұмтылысының болуы.
B-	75-79	3,0	Жақсы	Оқу материалын 75%-ға білу; типтік жағдайларда үлгі бойынша тапсырмаларды орындай білуі; вариативті жағдайларда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

				тапсырманы орындаудың қиындығына тап болуы нәтижесінде аздаған қателіктер жіберуі, бірақ топта шығармашылық жұмыстарды орындауда өзінің ұмтылысының болуы.
C+	70-74	2,8	Қанағаттанарлық	Оқу материалын түсінуі және оны меңгеру деңгейі 70% болуы, тапсырмаларды орындауға қызығушылығы мен ұмтылыстының болуы; оқытушы тарапынан қойылған кейбір сұрақтарға толық ашып жауап бере алмауы, бірақта шығармашылық жұмыстарды өз бетінше дербес орындау қабілетінің болуы.
C	65-69	2,6	Қанағаттанарлық	Оқу материалының мазмұнын ұғынусыз механикалық түрде игеруі, сұрақтарға толық жүйелі түрде жауап бере алмауы. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жіберуі, осы тапсырманы орындау барысында оқытушының аздаған ескертуі нәтижесінде өз қателіктерін дер кезінде түсініп, оңтайлы шешімдерді қабылдауы байқалса осы баға қойылады.
C-	60-64	2,4	Қанағаттанарлық	Ұсынылған оқу материалының тұтас құрылымын көрмеуі, олардың өзара байланыстарын ішінара аздап меңгеруі; Тапсырмаларды өз бетімен орындауда елеулі қателіктерді жіберуі, бірақта тақырыпты меңгеруге аздаған ұмтылысының болуы; біреудің көмегімен орындау алгоритмін пайдалануы.
D+	55-59	2,2	Қанағаттанарлық	Ұсынылған оқу материалының тұтас құрылымын көрмеуі, оның өзара байланыстарын меңгермеуі; Тапсырмаларда елеулі қателіктердің болуы; біреудің көмегімен орындау алгоритмін пайдалануы. Тапсырма жауаптарына елеулі қателіктердің болуы; тапсырмаларды орындауда өз бетінше дербестігінің төмендігі. Материалды мегеруге деген ұмтылысының аздығы.
D	50-54	2,0	Қанағаттанарлық	Зерттеу объектісін тануы, терминдерді аздап тануы, бірақ олардың мәнін білмеуі, тапсырмаларды үлгі бойынша ғана едәуір қателіктермен орындауы. Материалды мегеруге деген ұмтылысының едәуір аздығы байқалса.
FX	25-49	0,5	Қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіштер, емтиханды қайта тапсыруы тиіс.	Бүкіл семестр бойынша жұмыстарды едәуір қателіктермен орындау нәтижесінде қанағаттанарлықсыз төменгі көрсеткіштер көрсеткен жағдайда (материалды тану көрсеткіші тіпті төмен болғанда), емтиханды қайта тапсыруы тиіс.
F	0-24	0	Қанағаттанарлықсыз (өткізілмейтін баға)	Оқу тақырыбына мүлде қызығушылығы жоқ, тапсырманың мәнін тануға ұмтылмайды.
I	0	0	Пән әлі бітпеген (дисциплина не завершена)	
W	0	0	Пәннен бас тарту (отказ от дисциплины)	
AW	0	0	Пәннен	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

			шығарылған (отчислен дисциплины)	
AU	0	0	Пән тыңдалған (дисциплина прослушана)	
P/NP Pass/No pass	0	65-100	Сынақтан өтті/ сынақтан өтпеді (зачтено / не зачтено)	

Пән бойынша жоспарланған жұмыстарды өткізу кестесі

№	Бақылау түрлері	Апталар															Жалпы баллдар жиынтығы		
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	1-ат. балы	2-ат. балы	Жал. Бал.
		1	Дәріс тақырыбын меңгеру белсендігі	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*			
2	Практикалық тапсырмаларды орындау бағасы		*		*		*		*		*		*		*		3×3=9	4×3=12	21
3	Зертханалық жұмыстарды орындау бағасы		*		*		*		*		*		*		*		4×3=12	3×3=9	21
4	1-аралық аттестация (Midterm) және 2-соңғы аттестация (Endterm)								*						*		9	9	18
	Қорытынды емтихан																		40
Қосындысы																	30	30	
Барлық жиынтығы																			100

10. Тапсырмаларды тапсыру саясаты:

Студент дәрістер, тәжірибелік және зертханалық сабақтарға даярланып келуі қажет. Тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды уақытылы қорғауы, барлық жұмыстар түрлерін толық орындауы (тәжірибелік және өзіндік) тиіс. Студент сабақтарға кешікпеуі және сабақтарды жібермеуі тиіс, өз ісіне жауапты және міндетті болуы қажет. Жұмыстарын уақытылы тапсырмағаны үшін (жоғары) максималдық балды азайту қарастырған. Студент белгілі бір себептермен аралық бақылауға қатыса алмайтын болса, оқытушыны емтиханға шейін ескертуі қажет. Егер аралық емтиханды барлық студенттер жазып және сабақты талқыланатын болса, емтиханды қайта тапсыру мүмкін емес. Емтиханға себепсіз қатыспау сізді оны тапсыру құқығынан айырады.

11. Сабақтарға қатысу саясаты:

Дәріс, тәжірибелік және зертханалық сабақтарға міндетті түрде қатысуыңыз қажет және белсенділік таныту міндетті. Дәріс материалдарын бекіте түсетін көптеген теориялық материалдар тек дәріс сабақтарында беріледі. Сондықтан, сабақтан қалу – Сіздің оқу үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Кез-келген себептер бойынша сабақтан екі рет кешігу және/немесе сабақтың соңына дейін кетіп қалған жағдайда бір рет сабақтан қалған болып саналады. Алайда сабаққа тек қана қатысу балды көбейту болып саналмайды. Сабаққа әрдайым белсенді қатысып отыру қажет. Әрбір сабаққа дайындалып жүру – курсқа қойылатын міндетті талап болып табылады. Оқулықта көрсетілген бөлімдерді және қосымша материалдарды тек тәжірибелік сабаққа дайындық кезінде емес, тиісті дәріске қатысар алдында да қарау қажет. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және Сіздің университет қабырғасында терең білім алуыңызға ықпал етеді. Сабақтан 20% артық қалуға болмайды.

12. Академиялық мінез-құлық пен этика саясаты:

Толерантты болыңыз, басқаның көзқарасын құрметтей біліңіз. Қарсылықты тұжырымдалған түрде жасаңыз. Плагиат және көзбояушылыққа жол берілмейді. Емтихан кезінде көршіден

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

кошіріп алуға, емтиханды басқа студент үшін тапсыруға болмайды. Студенттің кез келген теріс (қылығы) байқалған жағдайда қортынды бағасы «F» болады.

Пән бойынша оқыту шеңберінде, кез келген сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез келген түріне жол берілмейді. Осындай әрекеттерді ұйымдастырушы (олардың тапсырмасы бойынша оқытушы, студенттер немесе үшінші тұлға) ҚР заңдарын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

Көмек: Өздік жұмыстардың орындалуын және оны қорғау, сондай-ақ зерттелген материал туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ барлық басқа да мәселелер бойынша оқытушымен кенесін жүзеге асырылады және офис-сағаты уақытында немесе тәулік бойы электрондық байланыс құралдары арқылы оқытушыға хабарласуыңызға болады.

«Тау-кен ісі» кафедрасының отырысында қаралды *«19» маусым 2020 ж. хаттама № 11*

Құрастырған: ассон. профессор



Сердалиев Е.Т.